

Әскери қызметшілерге 1997 - 1998 жылдар кезеңі үшін олардың әскери қызметін өткеру жері бойынша сыйлықақы төлемдерін төлеу ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 ақпандағы N 120 Қаулысы

"2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңының 11-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Әскери қызметшілерге 1997-1998 жылдар кезеңі үшін олардың әскери қызметін өткеру жері бойынша сыйлықақы төлемдерін төлеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

2 3

а қ п а н д а ғ ы

N 1 2 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Әскери қызметшілерге 1997-1998 жылдар кезеңі үшін олардың әскери қызметін өткеру жері бойынша сыйлықақы төлемдерін төлеу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілеріне (бұдан әрі - әскери қызметшілер) (мерзімді қызметтің әскери қызметшілері мен оқу бөлімдерінде (орталықтарында), орта немесе жоғары әскери оқу орындарында оқитын курсанттардан басқа) 1997-1998 жылдар кезеңі үшін олардың әскери қызметін өткеру жері бойынша сыйлықақы төлемдерін төлеу тәртібін белгілейді.

2. Сыйлықақы төлеу 1997-1998 жылдар кезеңінде әскери қызмет өткерген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары (бұдан әрі - әскери бөлім (мекеме) әскери бөлімдерінің (мекемелерінің) әскери қызметшілеріне төлеу сәтінде қызмет өткеру жері бойынша, ал әскери қызметтен босатылған әскери

қызметшілерге - соңғы әскери қызметін өткеру жері бойынша немесе осы ережемен айқындалған тәртіппен жүргізіледі.

Көрсетілген кезеңде басқа мемлекеттік органдардың жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарында әскери қызмет өткерген әскери қызметшілерге сыйлықақы төлеуді осы ережеде белгіленген тәртіппен осы мекемелер жүргізеді.

3. Сыйлықақы төлемдеріне құқығы бар әскери қызметшілерді есепке алуды мыналар жүзеге асырады:

1) 1997 жылғы 1 сәуірден бастап әскери қызмет өткеру жерін ауыстырмағандарды - әскери бөлімнің (мекеменің) қолбасшылығы;

2) 1997 жылғы 1 сәуірден бастап әскери қызмет өткеру жерін ауыстырғандарды - олар әскери қызмет өткеріп жүрген әскери бөлімнің (мекеменің) комиссиясы (бұдан әрі - комиссия);

3) әскери қызметтен босатылғандарды - әскери қызметті соңғы өткеру орны бойынша әскери бөлімнің (мекеменің) комиссиясы немесе олар әскери қызмет өткерген мемлекеттік органның басшысы айқындаған әскери бөлімде (мекемеде).

Комиссия құрамы әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бұйрығымен бекітіледі және өзіне міндетті түрде кадр, қаржы, заң қызметтерінің өкілдерін қамтуға тиіс. Комиссия мүшелерінің саны кемінде бес адамды құрауы тиіс. Комиссияның төрағасы болып әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) орынбасарларының бірі тағайындалады.

2. Әскери қызметшілерге сыйлықақы төлемдерін төлеу тәртібі

4. 1997 жылғы 1 сәуірден бастап әскери қызмет өткеру жерін ауыстырмаған әскери қызметшілерге сыйлықақы төлемдерін төлеу үшін әскери бөлімнің (мекеменің) қолбасшылығы тиесілі соманы аудару үшін екінші деңгейдегі банктегі шоттардың нөмірлерін, салық төлеушілердің тіркеу нөмірлерін (бұдан әрі - СТН) салыстыруды жүргізеді, сондай-ақ комиссиясымен бірлесіп әскери қызметшінің сыйлықақы алуға құқығының болуын айқындайды. Салыстырудың нәтижелері бойынша әскери бөлімнің (мекеменің) қаржы органы (бұдан әрі - қаржы органы) әскери бөлім (мекеме) қолбасшылығының тиісті бұйрығы негізінде әскери қызметшілердің шоттарына сыйлықақы төлемдерін есептеуді және аударуды белгіленген тәртіппен жүргізеді.

5. Әскери бөлімді (мекемені) жойған, таратқан немесе қайта ұйымдастырған, әскери қызметшіні басқа бөлімге ауыстырған жағдайда әскери қызметші жаңа қызмет орны бойынша комиссияға жазбаша түрде өтініш жасайды.

Әскери қызметшіні әскери қызмет өткеру үшін басқа мемлекеттік органға ауыстырған жағдайда әскери қызметші 1997-1998 жылдар кезеңінде ол әскери қызмет өткерген әскери бөлімнің (мекеменің) комиссиясына жазбаша түрде өтініш жасайды.

Әскери бөлімді (мекемені) жойған, таратқан немесе қайта ұйымдастырған жағдайда әскери қызметтен босатылған әскери қызметші 1997-1998 жылдарда ол әскери қызмет өткерген мемлекеттік органның басшысы айқындаған комиссияға жазбаша түрде өтініш жасайды.

6. Сыйлықақы төлеу мүмкіндігін қарау үшін әскери бөлімнің (мекеменің) тиісті құрылымдық бөлімшесі немесе әскери қызметші комиссияға мынадай құжаттар т і з б е с і н ұ с ы н а д ы :

1) әскери қызметшінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмесін;
2) осы бөлімде әскери қызмет өткерген кезеңін растайтын кадр органының а н ы қ т а м а с ы н ;

3) тиесілі төлемнің мөлшері туралы қаржы органының анықтамасын не мұрағаттан ақшалай үлестің мөлшері туралы анықтаманы;

4) көрсетілген кезең үшін көтермелеу мен жазалауларды есепке алу карточкасының көшірмесін немесе үзіндісін, не сыйлықақы беру мүмкіндігі туралы бөлім қ о л б а с ш ы л ы ғ ы н а н а н ы қ т а м а н ы ;

5) сыйлықақы төлеу бойынша төлемдердің болмағаны туралы анықтаманың немесе осы мәселе бойынша бұрынғы да, жаңа әскери қызмет өткеру орны бойынша да сот шешімінің (атқарушы парағының) болуы;

6) СТН көшірмесін, сыйлықақы төлемдерін аудару үшін шот нөмірін.

7. Комиссия қарауға ұсынылған құжаттарға тексеру жүргізеді және мыналарды а й қ ы н д а й д ы :

1) әскери қызметшінің сыйлықақы алуға құқығының болуын;

2) әскери қызметшінің сыйлықақы алуға құқығы бар кезеңді;

3) сыйлықақы төлемдерінің есептелуге тиесілі сомасының мөлшерін.

8. Әскери қызметшіге сыйлықақы төлеудің негізділігін тексеру кезінде комиссия онда тәртіптік жазаның болуын, бөлімнің жеке құрамының тізіміне енгізілген кезеңін, командирдің сыйлықақы мөлшерін төмендету туралы шешімінің болуын және осы кезеңде әскери қызметшіні сыйлықақыдан айыру немесе оны азайту үшін негіз болуы мүмкін өзге де себептерді қарайды.

Әскери қызметшіде тәртіптік жаза немесе сыйлықақы мөлшерін азайту туралы командирдің шешімі болған кезде жаза қолданылған кезең үшін сыйлықақы есептеу жүргізілмейді.

9. Ұсынылған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша комиссия хаттамалық шешім қабылдайды, ол әскери бөлім (мекеме) қолбасшылығының тиісті бұйрығымен бекітіледі және төлеуді жүзеге асыру үшін қаржы органына жіберіледі.

10. Сыйлықақы төлемдерінің мөлшерін айқындау және сомасын есептеу мынадай қосымша ақы мен үстемеақы түрлері ескеріле отырып, жылына ақшалай үлесінің төрт жалақысы есебі тұрғысында жүргізіледі:

1) біліктілік с ы н ы б ы ү ш і н ;

2) еңбек сіңірген жылдары үшін;

3) аудандық коэффициенттер;

4) шөл дала, сусыз және биік таулы жер үшін коэффициенттер.

Ақшалай үлес жалақысының, қосымша ақы мен үстемеақының мөлшері 1997-1998 жылдар кезеңінде қолданылған әскери қызметшілерді ақшалай үлеспен қамтамасыз ету нормалары бойынша айқындалады.

11. Есептік кезеңде (айда) толық қызмет өткермеген әскери қызметшілерге сыйлықақы төлеу осы кезеңде нақты қызмет өткерген уақытына жүргізіледі. Әскери қызметшіге сыйлықақы төлеуге құқық туындаған кезеңді есептеу оның әскери лауазымды орындауға кіріскен күнінен бастап, оны бөлімнің жеке құрамы тізімінен шығарған сәтке дейін жүргізіледі.

12. Екі есе төлемдерге жол бермеу мақсатында мемлекеттік органның қаржы-экономикалық қамтамасыз ету жөніндегі орталық құрылымдық бөлімшесі оның қызметіне жүргізілген сыйлықақы төлемдерін есептеудің заңдылығына тексеру жүргізуі, сондай-ақ комиссиядан осы жұмысқа қатысты өзге де ақпаратты сұратуы мүмкін.

3. Қорытынды ережелер

13. Басқа мемлекеттік органдарға әскери қызмет өткеру үшін ауыстырылған әскери қызметшілерге сыйлықақы төлемдерін есептеу бұрынғы әскери қызмет өткеру орны бойынша осы ережеде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

14. Сыйлықақы төлеуді негізсіз жүзеге асырғаны үшін лауазымды адамдардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес айқындалады.